

Әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулардың тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 367 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылы 30 маусымда № 11512 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-108/2020 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 23.09.2020 № ҚР ДСМ-108/2020 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 7-бабының 89) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде мерзімдік баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі А.В. Цойға жүктелсін.

4. Осы бұйрық оны алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі

Т. Дүйсенова

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев _____

2015 жылғы 29 мамыр

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 21 сәуірдегі
№ 367 бұйрығымен бекітілген

Әлеуметтік мәні бар аурулардың тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 31.01.2020 № ҚР ДСМ-7/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Аурулар	АХЖ 10 кодтары
1	Туберкулез	A15-A19;
2	Адамның иммунитет тапшылығы вирусы (АИВ) тудыратын ауру	B20-B24;
3	Созылмалы вирустық гепатиттер және бауыр циррозы	B18.0, B18.1, B18.2, B18.8, B19, K74;
4	Қатерлі ісіктер	C00-97; D00-09; D37-48;
5	Қант диабеті	E10-E14;
6	Психикалық бұзылулар және мінез-құлықтың бұзылуы	F00-F99;
7	Балалардың церебралдық параличі	G80;
8	Миокардтың жіті инфаргі (алғашқы 6 ай)	I21, I22, I23;
9	Ревматизм	I00-I02; I05-I09; M12.3; M35.3;
10	Дәнекер тіннің жүйелі зақымданулары	M30-M36;
11	Нерв жүйесінің дегенерациялық аурулары	G30-G32;
12	Орталық нерв жүйесінің миелинсіздендіруші аурулары	G35-G37;
13	"Орфандық (сирек кездесетін) аурулардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 мамырдағы № 370 бұйрығымен айқындалған орфандық аурулар (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11511 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 15 шілдеде жарияланған)	B55, D56, D56.0-D56.2, D56.4, D57, D57.0-D57.2, D59.5, D61.9, D69.3, D76.0, D80-D84, E53.1, E74.0, E75.2, E76.0- E76.2, E80.2, E83.0, E84.8, E85.0, E88.0, G12.2, G35, G40.4, G93.4, J84, J84.0, J84.1, J84.8, J84.9, I27.0, K50, K51, L10, L13.0, M08.2, M30.3, M31.3, M31.4, M31.8, M32.1, M33, M33.2, M35.2, Q78.0, Q80, Q81

Айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулардың тізбесі

№	Аурулар	АХЖ-10 кодтары
	Адамның иммунитет тапшылығы	

1	вирусы тудыратын ауру (АИВ)	B20-B24;
2	Геморрагиялық қызба	A90-A99;
3	Дифтерия	A36;
4	Менингококктік жұқпа	A39;
5	Полиомиелит	A80;
6	Мерез	A50-A53.9
7	Алапес	A30;
8	Безге к	B50-54;
9	Күйдіргі	A22;
10	Туляремия	A21;
11	Туберкулез	A15.0- A19;
12	Тырысқақ	A00;
13	Оба	A20;
14	Іш сүзегі	A01.0.
15	Жіті вирустық гепатит	B 15; 16; 17;
16	Психикалық бұзылулар және мінез-құлықтың бұзылуы	F06.0-F06.3, F06.8-F07.9, F10.2-F10.8, F11.2-F11.8, F12.2-F12.8, F13.2-F13.8, F14.2-F14.8, F15.2-F15.8, F16.2-F16.8, F18.2-F18.8, F19.2-F19.8, F20.0-F20.2, F22, F30.2, F31.2, F31.4-F31.5, F32.2-F32.3, F33.2-F33.3, F60.0-F60.3, F70-F79, F91.1-F91.3;
17	Анықталмаған локализациядағы коронавирустық инфекция	B 34.2